

А.М. Егорычев¹
Г.А. Болсынбекова²

¹Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті, Мәскеу, Ресей

²Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан
(E-mail: chelovekcap@mail.ru¹, bolsynbekovag@mail.ru²)

Болашақ педагог-психологтарды инновациялық іс-әрекетті басқаруға даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ педагог-психологтарды инновациялық іс-әрекетті басқаруға даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы қарастырылады. Инновациялық іс-әрекет – жинақталған білімді, технологиялар мен жабдықтарды коммерцияландыруға бағытталған ғылыми, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық қызметтің кешені. Басқарудың жеке бағыты инновациялық іс-әрекетті басқаруға арналған – инновациялық менеджмент.

Инновациялық іс-әрекетті басқаруға даярлық болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметінің бір бөлігі ретінде тәжірибелік эксперименттен өтіп, нәтиже бергені мақалада дәлелденеді.

Түйін сөздер: инновациялық іс-әрекет, инновациялық іс-әрекетті басқару, инновациялық менеджмент, басқарудың бағыты.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-139-2-215-225>

Кіріспе

Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтардың бірі – білім. Білім – ғылымның іргетасы мен мемлекет дамуының алтын арқауы. Қазақстанның білім беру саласында әлемдік трендтерге сай келетін жаңа міндеттер қоюы білім саласына тың да сапалық өзгерістер әкеледі деген сенімді арттырады. Білім беру саласының қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін ұдайы жетілдіріп отыру мен қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Бүгінгі күні елімізде болып жатқан жағдайлар білім беру саласында инновациялық іс-әрекетті басқару мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі білім берудегі инноваци-

ялық процестер, ең алдымен, адам қызметінің барлық салаларында ақпараттық технологияларды белсенді қолданумен байланысты және ең алдымен білім сапасын жақсартуға бағытталған. Осыған байланысты педагог-психологтың инновациялық қызметі түбегейлі өзгеше мәнге ие болады, оның мәні білім беру саласындағы кез-келген инновацияны болашақ педагог-психологтар түсінген және іс жүзінде қолданған кезде ғана жүзеге асыруға болатындығында.

ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында келесі міндеттер айқындалған: қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; ғылымның ел экономикасына қосатын үлесін

ұлғайту және тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу барысында жалпы адамзаттық құндылықтарға мән беру [1]. Осы міндеттерді орындау барысында ЖОО іргелі зерттеулер мен жаңа бағытта оқу-тәрбие процесін жандандыру жұмыстары, әсіресе, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту жұмыстары жаңа қарқынмен жүргізілуде.

Кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдардар еңбектерінде студенттердің инновациялық іс-әрекетін басқару мәселелерін оның құзыреттіліктері туралы пікірлер айтылуда. Қазақстанда инновациялық іс-әрекетін басқаруды қалыптастырудың теориялық және практикалық қырларын Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі)[2], Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы)[3], Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау)[4], С.И.Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі)[5] Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі)[6] және т.б. ғалымдар зерттеген. Маманның кәсіби құзыреттілік мәселесі күрделі әрі көп қырлы. Ол ғылыми педагогикада, әлеуметтануда, психологияда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде, гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылуда.

Білімді басқару тұрғысынан қарағанда қазіргі ғылымның жаңалықтары мен инновацияларды нақты тәжірибеде қолдану үшін болашақ педагог-психологтардың арнайы кәсіби білім мен дағдыларына, сондай-ақ кәсіби деңгейлеріне ие болуы керек.

Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметінің алға қойып отырған **мақсаты** – білім алушылардың арнайы білім, білік, дағдыларды толық меңгеруіне негізделген іс-әрекеттерді жүзеге асыру. Қазіргі кездегі күнделікті өмір жағдайындағы мәселелерді дер кезінде шеше алатын, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу үрдісін басқара алатын, нақты тәжірибеге бағытталған педагог-психолог мамандар қажет. Сондықтан, қоғам

дамуының қазіргі жағдайында негізгі мақсат болашақ адам капиталының негізін құраушы саналы педагог-психологтарды оқыту және тәрбиелеуге бағытталған инновациялық іс-әрекетін басқару мәселелерінің өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері: болашақ педагог-психологтың инновациялық іс-әрекетін басқару даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау, оны жүзеге асыратын әдістемесін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеу. Болашақ педагог-психологтың инновациялық іс-әрекетін басқару даярлығын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздерін айқындау. «Инновация», «инновациялық іс-әрекет», «болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқару даярлығы» ұғымдарын нақтылау. Болашақ педагог-психологтың инновациялық іс-әрекетін басқару даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау. Инновациялық іс-әрекетті басқару даярлығын қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесін даярлап тәжірибелік-эксперименттен өткізу, ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері

Қойылған міндеттерді шешу үшін педагогикалық зерттеулерге бағытталған теориялық және эмпирикалық зерттеулердің жалпы ғылыми әдістері және зерттеу нәтижелерінің статистикалық негіздемелері қолданылды.

Теориялық зерттеулер әдістеріне жіктеме, салыстыру, түсіндіру, индукция және дедукция, ғылыми дәлеледеме, абстракция, т.б. енді.

Эмпирикалық зерттеулерге бақылау, эксперимент, моделдеу, өлшеу енді.

Тарихы

Зерттеудің түйінді ұғымдары ғылыми негізделген және нақтыланған: «инновациялық процесс», «инновациялық іс-әрекет», «болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке дайындығы», «болашақ мұғалімдердің

инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру технологиясы», сондай-ақ болашақ мұғалімдердің тұтас педагогикалық жүйе ретінде инновациялық іс-әрекетке дайындығының құрылымы мен мазмұны айқындалған. Болашақ мұғалімнің жалпы білім беретін мектептегі инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. Болашақ мұғалімнің жалпы білім беретін мектептегі инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру процесін жүйелі ұйымдастыруды қамтамасыз ететін университеттің әлеуетті мүмкіндіктері анықталған. Болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастырудың үздіксіз басқару процесінің бағдарламасы негізделген.

Ал, жалпы инновациялық іс-әрекет түрлерін анықтау және педагогикалық-психологиялық зерттеу аспектілерін бірқатар отандық ғалымдар еңбектерінде сараптаған.

Мәселен, А.А.Кирхмаердің зерттеу жұмысында басқарушылық білім берудің теориялық және әдіснамалық тәсілдері жүйеленген. «Басқарудағы инновациялық іс-әрекет» ұғымының мәні мен мазмұны анықталған. Менеджерлерді басқарудағы инновациялық іс-әрекетке кәсіби даярлаудың моделі мен технологиясы жасалған [7].

Қ.Ж.Ажибеков өзінің ғылыми зерттеулерінде болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру процесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындап, осы дайындықтың мәні мен мазмұны анықтаған. Педагогикалық ЖОО түлегінің тұжырымдамалық моделі құрылған, онда инновациялық іс-әрекеттің құрылымдық компоненттері, критерийлері мен функциялары анықталған. Сонымен қатар, болашақ мұғалімнің дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен жолдары анықталған.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде болашақ мұғалімдердің ЖОО-да инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмалар жүйесін әзірлеп, оқу-тәрбие процесіне енгізуге тапсырған. Педагогикалық мамандықтар студенттеріне арналған «Жоға-

ры мектеп оқытушысының инновациялық қызметі» элективті курсы, «Педагогикалық инновация» пәнінің оқу-әдістемелік кешені әзірленген [8].

Нарықтық экономика жағдайында инновацияны жүйелі сипаттау әдістемесі халықаралық стандарттарға негізделген. Оларға сәйкес инновация практикалық қызметте қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген өнім, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс түрінде жүзеге асырылған инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі ретінде анықталады.

Зерттелетін объектінің аталған ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның мәнін толық білдіретін келесі тұжырымдаманы басшылыққа алуға болады: «Инновация – білім мекемелерінің тиімділік көрсеткіштерінің сапалы өсуі мақсатында практикалық қажеттіліктер үшін қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген өнім, қызмет, процесс немесе басқа қызмет түрі түрінде жүзеге асырылған кәсіпорынның инновациялық қызметінің нәтижесі».

Инновацияны түсінуде, сондай-ақ терминді түсінуде «инновация» бірнеше тәсілдерді бөліп көрсетуге болады.

1. Инновациялық процеске жеке тұлғалардың қосылуымен сипатталатын тәсіл – өнімді тұтынушыларға сатумен байланысты коммерциялық қызмет. Инновациялық іс-әрекет дегеніміз – «жаңа өнімді құру, оның идеясын қалыптастырудан бастап өндірісті игеруге, шығаруға, сатуға және коммерциялық нәтиже алуға дейінгі процесс» (І.Курнышева, Д.Сүлейменов);

2. Шығармашылық және функционалды тәсіл, оның өкілдеріне Н.И.Лапин, А.И.Пригожин, Б.В.Сазонов, В.С.Толстой және т.б. инновациялық қызметті бұл зерттеушілер өнімді шығармашылық қызмет түрлерінің бірі ретінде қарастырады, олар өз кезегінде жаңа мақсаттар мен тиісті құралдарды жасаумен немесе жаңа құралдарды қолдана отырып белгілі мақсаттарға қол жеткізумен байланысты қызметті түсінеді [9];

3. Инновациялық қызмет деп «ғылымды, техниканы, экономиканы, кәсіпкерлікті және басқаруды біріктіретін процесс» (В.П.Логин, А.С.Кулагин) түсінілетін философиялық тәсіл [10].

Инновациялық іс-әрекет инновациялық процесс ұғымымен тығыз байланысты, өйткені бір жағынан инновациялық процесс инновацияны «толтыру», оның ішкі құрылымы болып табылады. Екінші жағынан, инновациялық процесс инновациялық іс-әрекет ұғымына қарағанда кеңірек тұжырымдама болып табылады, өйткені оны жүзеге асыру кезінде инновациялық іс-әрекетарқылы жүзеге асырылады. Сондықтан инновациялық процесті зерттеу инновациялық іс-әрекет саласындағы түсіндірмелі аппаратпен жұмыс жасау кезінде ерекше орын алуы керек.

Педагогикалық шындықта инновациялық процестердің екі түрі ерекшеленеді.

Бірінші түрі – жағдай жүйесі мен оларды жүзеге асыру жолдары туралы толық білместен пайда болатын стихиялық инновациялар. Бұл инновациялар жағдайлық талаптардың әсерінен эмпирикалық негізде жүреді. Осы типтегі инновацияларға жаңашыл мұғалімдердің, ата-аналардың, тәрбиешілердің және т.б.

Инновацияның *екінші түрі* – саналы, мақсатты, ғылыми тұрғыдан дамытылатын қызметтің өнімі болып табылатын *білім беру жүйесіндегі инновациялар*. Дәл осындай инновациялар педагогикалық процестің барлық компоненттеріне, оның құрылымына және бүкіл педагогикалық қоғамдастықтың қызметіне үлкен жүйелік әсер етеді.

Инновациялық процестердің әрқашан өз тасымалдаушылары болады, ал инновацияларды енгізу жалпы педагогикалық қоғамдастықтың санасындағы маңызды өзгерістермен байланысты. Мұғалімдердің жүйелі инновацияны қабылдауға психологиялық дайындығы – ең маңызды шарт. Бұл біздің мектебіміз бен жоғары оқу орнымыз біздің педагогиканың теориялық мұрасын қайта қарастыруға, оның гуманистік негіздеріне оралуға әкелген түбегейлі қайта құру кезеңінен өтіп жатқан кезде өте маңызды.

Болашақ педагог-психологтың инновациялық іс-әрекетін басқару даярлығын қалыптастыруға қатысты біздің құрастырған мазмұндық-құрылымдық моделіміз тұлғаға бағдарланған, әрекеттік, жүйелік-әрекеттік

тұғырларға негізделіп, бір-бірімен өзара байланысты келесі блоктардан тұрады:

- педагогикалық неология;
- педагогикалық аксиология;
- педагогикалық праксиология.

Болашақ педагог-психологтың инновациялық іс-әрекетін басқару даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі инновациялық іс-әрекет ерекшеліктерін зерттеу материалдары негізінде, қоғамның бүгінгі инновациялық біліктілігі қалыптасқан, ізденімпаз маманды дайындауға деген талабына байланысты, педагогикалық білім беру мазмұнына талдау жасай отырып, жаңалауды қажет етуіне байланысты құрастырылды [11].

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін тұлғаның инновациялық іс-әрекетті басқаруы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық ілімдер, тұжырымдамалар, жеке тұлға теориясы, шығармашылық теориясы; өзін өзі дамыту туралы тұжырымдамалар; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, инновациялық технологиялар туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар, оқытудың дидактикалық заңдары мен принциптері құрайды.

Зерттеудің нәтижелері және талқылануы

Жаңа технологиялармен білім алған қоғамның негізгі талабы – білім алушыға ақпараттық білім негіздерін беріп, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту арқылы жаңа қоғамға бейімдеу мен интеллектуалды дамуын қалыптастыру болып табылады. Білімдегі инновация ол еліміздің болашағы, ал болашақ – жас ұрпақтың қолында. Сол ұрпаққа жаңаша білім беріп, ертең білімді ұрпақ білім көкжиегінде алда болуы керек. Кез-келген мемлекет пен қоғамның қалыптасуы, жан-жақты дамуы, өркендеуі, әлемдік аренада өзіндік орын алып, өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін білім мен ғылымның алатын ролі ерекше.

Білім саласындағы ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне инноваци-

Кесте 1 - Анықтау экспериментінің көрсеткіші (% есебімен)

Топтар	Топтағы студент саны	Деңгейлері		
		жоғары	орта	төмен
Эксперименттік топ	87	23 (26,4 %)	30 (34,5 %)	34 (39,1 %)
Бақылау тобы	85	22 (25,8 %)	33 (38,8 %)	30 (35,4 %)

ялық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандағы білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты болып табылады.

Біз жоғарыда айтылған пайымдауларға сүйене отырып, болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетін басқаруға даярлығының бастапқы деңгейін анықтау үшін қадамдар жасауға талпындық. Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны жоғары оқу орнының педагогикалық процесі болғандықтан эксперименталдық база ретінде Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің «6B01101 – Педагогика және психология» мамандығының 3-курстың студенттері алынды.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысы әр қайсысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттері бойынша теориялық қорытындылары тәжірибелік тұрғыдан тексеріліп отырылатын үш кезеңде жүргізілді: *анықтау, қалыптастыру және бақылау* эксперименттері. Бұл кезеңдерде зерттеушінің зерттеу логикасының дұрыстығы үздіксіз дәлелденіп тұрды және алынған нәтижелерді салыстыру, талдау және қорытындылау мәліметтері болашақ болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетін басқаруға даярлығын қалыптастыру деңгейінің көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді.

Анықтаушы эксперимент бойынша біз 301, 302, 303, 305 топтары студенттерін алдық. Сонымен қатар зерттеу мәселесі бойынша бастапқы деңгейлерін анықтау мақсатында әдістемелер кешені қолданылды:

1. Т.С.Совольевтің «Педагог-психологтың жаңашылдықты қабылдауы» анықтау сауалнамасы [12];

2. М.Н.Афанасьеваның «Каков Ваш творческий потенциал?» атты сауалнама [13];

3. «Қашықтан оқытудың технологиясы мен әдіснамасы» атты тест [14].

Бұл сауалнамаларға берілген жауаптардан алған қорытындымыз:

- болашақ педагог-психологтардың озық тәжірибелерді оқып-үйренуде біліктері таяз;
- ғылыми жетекшілер мен кеңесшілермен бірігіп, стартап жобаларын жүзеге асыру мәселелерін қолға алу;
- инновациялық іс-әрекетті басқаруға даярлық жасаудың әдіс-тәсілдерін меңгерту;
- жаңашылдықты қабылдау үшін көшбасшылық қабілеттерінің болуын қамтамасыз ету.

Экспериментке қатысқан студенттердің нәтижелерін келесі кесте арқылы бердік (Кесте 1).

Эксперименттің барысында болашақ педагог-психологтың инновациялық іс-әрекетін басқару даярлығын қалыптастыру мақсатында зерттеу әдістерін қолдана отырып, психологиялық тренинг, практикалық сабақтар, он-лайн сабақтар, психологиялық кеңес, т.б. жүзеге асырдық.

Қалыптастыру экспериментінде Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің «6B01101 – Педагогика және психология» мамандығының 3-курс студенттерінің 5-семестрде «Заманауи оқыту технологиялары» пәні бойынша студенттермен өздік жұмыс (СӨЖ) тапсырларын инновациялық әдістермен ұйымдастыруда басқару дағдыларын қалыптастыру үшін бағдарлама құрастырдық (Кесте 2).

«Заманауи оқыту технологиялары» пәні бойынша бағалау критерийлері:

Кесте 2 – «Заманауи оқыту технологиялары» пәні бойынша студенттермен өздік жұмыс (СӨЖ) тапсырларын инновациялық әдістермен ұйымдастыру жолдары

№	СӨЖ тақырыптары	Тапсырма	Инновациялық технологиялар	Бағалау критерийлері	Нәтиже балл
1	Қазақстан Республикасындағы ғылым мен білім беруді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы білім беру жүйесін жаңартудың басым бағыттары	1. Жаңартылған бағдарламаның негізгі қағидалары. 2. Бағдарламаны іске асыруда педагогикалық технологиялардың рөлі	СТОД стратегияларын қолдануды меңгерту. Фаза-лардың сәйкестігін сақтау.	1. Өзінің идеясының болуы – 5 балл. 2. Креативті қадамдар жасау (сыни ойлау, логикалық әрекеттер, теориялық білімінің жоғары деңгейі, шығармашылық, т.б.) – 10 балл	15 балл (5). ... 5 балл – (3).
2	Заманауи трендтер: теориясы мен практикасы	Студент өзі таңдаған мәтінді СТО тұрғысынан талдау, жинақтау, жалпылау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша моделдеу, материалдарды жүйелеу	Интертеймент технологияларын пайдалануды меңгерту.	АКТ меңгерген, тез шешім қабылдай алады – 15 балл.	13-15 балл – (5). 10-12 балл – (4). 7-9 балл – (3)
3	Студентке бағдарланған тәсіл: ерекшеліктері мен мазмұны	Ы.Алтынсаринның «Бай баласы мен кедей баласы» әңгімесіндегі Асан мен Үсен іс-әрекеттерін Венн диаграммасы арқылы салыстырыңыз. Өзіңіз таңдаған тағы бір-екі технологияға мысал келтіріңіз.	Сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын пайдаланып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау.	Заманауи инновациялық технологияларға қатысты білімдерінің болуы – 15 балл	13-15 балл – (5). 10-12 балл – (4). 7-9 балл – (3)
4	Педагог мәртебесін көтерудің ерекше жолдары	ФИШ технологиясы арқылы зерттеңіз. Проблема қойып, «егерде, онда» жүйесі бойынша себептері мен салдарын анықтап отырып, мәселенің шешу жолын ұсыныңыз.	Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану білім алушылардың ақпараттық-коммуникативті құзыреттілігін дамытуда басты құрал болып табылатынын дәлелдеу	СТОД стратегияларын тапсырма орындауда қолдануды үйренуі - 15	13-15 балл – (5). 10-12 балл – (4). 7-9 балл – (3)

Кесте 3 – Бақылау экспериментінің көрсеткіші (% есебімен)

Топтар	Топтағы студент саны	Деңгейлері		
		жоғары	орта	төмен
Эксперименттік топ	87	45 (51,7%)	27 (31,1 %)	15 (17,2 %)
Бақылау тобы	85	21 (24,7 %)	34 (40 %)	30 (35,3 %)

Дәрістерге қатысуы – 15 аптада 15 балл;
Практикалық сабақтағы белсенділігі мен қатысуы – 15 аптада 75 балл.

СӨЖ – 60 балл.

ОБСӨЖ – 30 балл.


Аралық бақылау тапсырмалары – 20 балл.

Қорытынды балл – 200 балл болғандықтан А, В, С, D, E және F баллдары жоғарыда көрсетілген критерийлермен есептеледі.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты болашақ педагог-психологтың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын зерделеу өзекті болып табылады. Осылайша зерттеу жұмысымыздың үшінші кезеңінде біз 301, 302, 303, 304 топтары студенттерін қайта сауалнамалар Google Forma платформасында алдық. Сонымен қатар зерттеу мәселесі бойынша қорытынды деңгейлерін анықтау мақсатында әдістемелер кешені қолданылды.

Барлық топтағы эксперименттің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын тексеру тапсырмаларының бірдей мазмұндағы жиынтығы мен оларды орындаудағы табыстылығын есептеудің бірдей әдістемесі пайдаланылды. Бақылау экспериментінде алға қойылған міндеттің шешімін табу үшін алдын айқындау экспериментінде қолданған салыстырмалы-талдамалы тапсырмалар мен таңдау әдісі, сауалнама, психологиялық тест, педагогикалық тапсырмалар, әңгімелесу, бақылау әдісін және т.б. диагностикалық әдістемелерді қайта қолдандық.

Анықтау эксперименті кезінде болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын тексеруге алынған қорытынды бойынша бақылау экспе-



Сурет 1 – Болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын қалыптастыру диаграммасы

рименті кезіндегі нәтижелер салыстырылды (Кесте 3).

Болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын қалыптастыру диаграммасын келесі суреттен көре аламыз (Сурет 1).

Бақылау эксперименті кезінде, болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын қалыптастыру негізінде қойылған басқа заңдылықтар біздің ұйымдастырған әдістемелік ұсыныстар бойынша оқу процесін ұйымдастыруға тән. Оларға мыналар жатты: жүйелілік, дәйектілік, болашақ педагог-психологтардың тапсырмаларға қол жетімділігі, инновациялық іс-әрекеттің байланысын қамтамасыз ету. Эксперимент барасында аталған барлық тапсырмалардың орындалуы нәтижесінде болашақ педагог-психологтар арасында бағалау дағдылары дамиды. Әрбір практикалық сабақтың, СӨЖ-дің құрылымы педагогикалық процестің негізгі компоненттері тұрғысынан толығымен дамиды. Оларға мыналар жатады:

- болашақ педагог-психологтар жұмысының мақсатын қою;
- теориялық ақпараттар беру (болашақ педагог-психологтарды ақпараттық қамтамасыз ету);
- болашақ педагог-психологтардың (СӨЖ) студенттермен өзіндік жұмысының жоспарлары мен тапсырмалар тізімі;
- болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқау;
- бақылау сынақтары мен ұсынылған әдебиеттер.

Әрбір СӨЖ-дің мазмұнын талдау курстағы теориялық білімдерді нығайтуға және операциялық-технологиялық дағдыларды игеруге бағытталғанын көрсетеді. СӨЖ жүйесі басқару дағдыларымен қатар болашақ педагог-психологтардың өздерінің кәсіби қызметінде басқару міндеттеріне дербес көшу үшін индивидуалды негізге ие болады.

Анықтау және бақылау эксперименті кезіндегі болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайын-

дығын қалыптастыру деңгейлерін салыстырдық. Эксперимент тобы зеттеудің бастапқы кезеңінде жоғары деңгейде 26,4 %-ды көрсетсе, тәжірибелік эксперименттен 51,7 %-ға дейін өсті, орта деңгейдегі бастапқы кезеңде 34,5 % болса, соңғы кезеңде 31,1 %-ға төмендеді, ал төменгі деңгей бастапқы кезеңде 39,1%-дан 17,2 %-ға дейін төмендеді. Бақылау тобында бастапқы кезеңінде жоғары деңгейде 25,8 %-ды көрсетсе, тәжірибелік эксперименттен 24,8% болды, бастапқы орта деңгейде (38,8% және 40%) және төменгі деңгейде (35,4% және 35,3%) айтарлықтай өзгеріс болмады.

Біздің жағдайымызда, болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындықтарының қалыптасқандығын жоғары, орта, төмен деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері үшін де, жеке эксперименттік топ үшін де, жеке бақылау тобы үшін Студенттің Т-критерийінің көмегімен бастапқы деңгеймен эксперименттен кейінгі деңгейдің арасындағы айырмашылықтың дәл екендігі жайлы болжамды тексердік.

Студент әдісі тәуелді және тәуелсіз таңдаулар үшін айырмасы болады. Тәуелсіз таңдаулар сыналусылардың екі түрлі топтарын зерттеуде алынады (біздің экспериментте ол бақылау тобы мен эксперименттік топ).

Қорытынды

Қорытындылау кезінде алынған кесінді көрсеткендей, эксперимент топтарындағы болашақ педагог-психологтардың бастапқы күйге қарағанда барлық көрсеткіштер бойынша тұрақты дамуы байқалады. Сонымен, эксперименттік диагностиканың соңғы мәліметіне сәйкес эксперимент тобының динамикалық өзгерісі барлық өлшемдерге сай келеді. Тәжірибелік-эксперимент нәтижелері растағандай біз ұсынған әдістеме болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын қалыптастыру процесінде өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Зерттеу нәтижесі бойынша бірқатар ұсыныстар жасауға болады.

1. Біздің «Болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дай-

ындығын қалыптастыру» атты ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын зерттеу» атты әдістемелік нұсқаулықты студенттерге, магистранттарға дәріс оқуда, семинар сабақтарын өтуде пайдалануға болады.

2. «Болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын зерттеу» атты әдістемелік нұсқаулықтың негізінде «Инновациялық іс-әрекетті басқарудың технологиясы» атты оқу құралын жарыққа шығару жоспарланды.

3. Зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын қалыптастыруға және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.

Зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындығын қалыптастыру мәселесін озат педагогикалық тәжірибемен тығыз байланыста қарастыру керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (2020.12.08 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – URL: <https://online.zakon.kz>. (қаралған күні: 20.06.2021).
2. Меңлібекова Г.Ж. Жоғары педагогикалық білім мазмұны сапасын жетілдірудің кейбір аспектілері. // Білім беру менеджменті журналы. – 2009. - №1. - 23-26 б.
3. Қасқатаева Б.Р. Болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік құзырлығын қалыптастыру. - Алматы, 2009.
4. Құрманалина Ш.Х. Педагогика. Оқу құралы. – Атырау, 2009.
5. Ферхо С.И. Формирование профессиональной компетентности учителей по использованию электронных учебных изданий в процессе обучения: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2004.
6. Кенжебеков Б.Т. Педагогикалық жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис.:13.00.08. – Караганды, 2005.
7. Кирхмаер А.А. Профессиональная подготовка менеджеров к инновационной деятельности в управлении. Дисс ... на соискание ученой степени к.п.н. – Алматы, 2005.
8. Ажибеков К.Ж. Теоретико-методологические основы подготовки будущих учителей к инновационной деятельности в вузе. Дисс ...на соискание ученой степени д.п.н. – Алматы, 2010.
9. Лопота В.А., Кондратьева А.С. Инновации в сфере бизнеса. - М., 2007,
10. Логинов В.П., Кулагин А.С. Секреты менеджмента. - М., 2008.
11. Томич М. Маркетинг в спорте. Рынок и спортивные продукты. - М.: МАФСИ, 2002.
12. Воропаева В.Э. Структура и критерии готовности педагога к инновационной деятельности. // Современные проблемы науки и образования. -2014. Вып. 4.
13. Дистанционные курсы повышения квалификации и профессиональной переподготовки [Электронный ресурс]. – URL: <https://infourok.ru/> (дата обращения: 20. 06.21).
- 14.Образовательная социальная сеть. – URL: <http://nsportal.ru> (дата обращения: 20. 06.21).

References

1. Kazastan Respublikasynyn bilim беру мен gylymdy damytudyn 2021-2025 zhyldarga arналған Memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly (2020.12.08 berilgen ozgerister men tolyktyrularmen [On approval of the State Program of Education and Science Development of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025 (as amended and supplemented on December 8, 2020)]. - Available at: <https://online.zakon.kz> (Accessed: 20.06.2021).

2. Menlibekova G.Zh. Zhogary pedagogikalyk bilim mazmuny sapasyn zhetildirudin кейбір аспектілері [Some aspects of improving the quality of the content of higher pedagogical education], Bilim беру menedzhmenti zhurnaly [Journal of Educational Management], 1, 23-26 (2009).
3. Kaskatayeva B.R. Bolashak matematika mugalimderinin adistemelik kuzyrlygyn qalyptastyru [Formation of methodical competence of future mathematics teachers] (Almaty, 2009).
4. Kurmanalina Sh.Kh. Pedagogika [Pedagogy]. Textbook (Atyrau, 2009).
5. Ferho S.I. Formirovanie professional'noj kompetentnosti uchitelej po ispol'zovaniyu jelektronnyh uchebnyh izdanij v processe obuchenija: avtoref. ... kand. ped. nauk [Formation of professional competence of teachers on the use of electronic textbooks in the process of training: author's ref. ... cand. ped. science] (Almaty, 2004).
6. Kenzhebekov B.T. Formation of professional competence of future specialists in the system of pedagogical higher education: ped. science candid. ... dis.: 13.00.08 [Pedagogikalyk zhogary oku orny zhujesinde bolashak mamandardyn kasibi kuzyrlygyn kalyptastyru: ped. gyl. kand. ... dis.:13.00.08] (Karaganda, 2005).
7. Kirchmaer A.A. Professional'naja podgotovka menedzherov k innovacionnoj dejatel'nosti v upravlenii. Diss ... na soiskanie uchenoj stepeni k.p.n. [Professional training of managers for innovation activity in management. Diss ... on the search for a scientific degree: c.p.n.] (Almaty, 2005).
8. Azhibekov K.Zh. Teoretiko-metodologicheskie osnovy podgotovki budushhih uchitelej k innovacionnoj dejatel'nosti v vuze. Diss ...na soiskanie uchenoj stepeni d.p.n. [Theoretical and methodological bases of preparation of future teachers for innovative activity in higher education. Diss ... on the search for a scientific degree: d.p.n.] (Almaty, 2010).
9. Lopota V.A., Kondratyeva A.S. Innovacii v sfere biznesa [Innovation in the field of business] (Moscow, 2007).
10. Loginov V.P., Kulagin A.S. Sekrety menedzhmenta [Secrets of management] (Moscow, 2008).
11. Tomich M. Marketing v sporte. Rynok i sportivnye produkty [Marketing in sports. Market and sports products] (MAFSI, Moscow, 2002).
12. Voropaeva V.E. Struktura i kriterii gotovnosti pedagoga k innovacionnoj dejatel'nosti [Structure and criteria of teacher training for innovation activity], Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya [Modern problems of science and education], 4 (2014).
13. Distancionnye kursy povysheniya kvalifikacii i professional'noj perepodgotovki Distance training and professional retraining courses. Available at: infourok.ru (Accessed: 20.06.2021).
14. Obrazovatel'naja social'naja set' [Educational social network]. Available at: <http://nsportal.ru> (Accessed: 20.06.2021).

А.М. Егорычев¹, Г.А. Болсынбекова²

¹Российский государственный социальный университет, Москва, Россия

²Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, Семей, Казахстан

Теория и практика формирования готовности будущих педагогов-психологов к управлению инновационной деятельностью

Аннотация. В данной статье рассматриваются теория и практика формирования готовности будущих педагогов-психологов к управлению инновационной деятельностью. Инновационная деятельность - комплекс научных, технологических, организационных, финансовых и коммерческих мероприятий, направленных на коммерциализацию накопленных знаний, технологий и оборудования. Вопросам управления инновационной деятельностью посвящено отдельное направление менеджмента - инновационный менеджмент.

Подготовка к управлению инновационной деятельностью как часть профессиональной деятельности будущих педагогов-психологов проходила в виде практического эксперимента, результаты которого описаны в статье.

Ключевые слова: инновационная деятельность, управление инновационной деятельностью, инновационный менеджмент, направление управления.

A.M. Yegorychev¹, G.A. Bolsynbekova²

¹Russian State Social University, Moscow, Russia

²Kazakh Humanitarian Law Innovation University, Semey, Kazakhstan

Theory and practice of forming the readiness of future educational psychologists to manage innovative activities

Abstract. This article discusses the theory and practice of forming the readiness of future teachers-psychologists to manage innovative activities. The innovative activity is a complex of scientific, technological, organizational, financial, and commercial activities aimed at commercializing the accumulated knowledge, technologies, and equipment. A separate direction of management is devoted to the management of innovative activities-innovation management.

It is proved in the article that the preparation for the management of innovative activities as part of the professional activity of future teachers-psychologists has passed a practical experiment and yielded results.

Keywords: innovation activity, innovation activity management, innovation management, management direction.

Авторлар туралы мәлімет:

Егорычев А.М. – философия ғылымдарының докторы, әлеуметтік педагогика және жастар ұйымдары кафедрасының профессоры, Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті, Лосиноостровская көш., 24, Мәскеу, Ресей.

Болсынбекова Г.А. – **корреспонденция үшін автор**, педагогика және психология кафедрасының PhD докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Шмидт көшесі, 44, Семей қ., Қазақстан.

Yegorychev A.M. – Doctor of Philosophy, Professor of Department of Social Pedagogy and Youth Organizations, Russian State Social University, 24 Losinoostrovskaya str., Moscow, Russia.

Bolsynbekova G.A. – **Corresponding author**, Ph.D. student, Department of Pedagogy and Psychology, Kazakh Innovative University of Humanities and Law, 44 Schmidt str., Semey, Kazakhstan.